

АҚПАРАТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БОЙЫНША САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Жоғары білікті мамандар даярлау Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының негізі болып табылады.

Жоғары білім жүйесін жетілдірудің маңыздылығын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев оқу орындарымен болған кездесулерінде сәтті мәлімдеді. Қазақстан Республикасы жоғары мектебінің сапалық өзгеруі халықаралық деңгейдегі университет құрумен қатар білікті кадрлар даярлауға, халықаралық жүйеде жоғары білімді мамай моделін интеграциялауға мүмкіндік береді.

Бұл үдерісте аймақтық жоғары оқу орындары маңызды рөл атқарады. Осы ретте М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 2015-2019 жылдарға ҚР индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша кадр даярлауда еліміздегі он жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Ал, республикадағы ең үздік жоғары оқу орындарының рейтингісінде үшінші орын алады, сондай-ақ әлемнің ең үздік 600 ЖОО-ның құрамына кіреді.

Университеттің құрамы 13 факультеттен тұрады. Бұл құрамға ақпараттық технологиялар және энергетика жоғары мектебі енеді.

Аталған ақпараттық технологиялар және энергетика жоғары мектебі ОКМУ-дің жаңашыл бағыты бойынша жүйелік құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Ағымдағы жағдайларда ақпараттық технологиялар және энергетиканың рөлін асыра бағалау қиын. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, осы бағыттағы ғылым мен техниканың кез келген мемлекеттің әлеуметтік және индустриялық даму деңгейін анықтау екенін көрсетеді.

Әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену басты мақсат болып отырған қазіргі таңда аталған салалардың өсуін жеделдету қажет-ақ.

Ақпараттық технологиялар да, энергетика, автоматтандыру және радиотехника саласында білікті маман даярлау ақпараттық технологиялар және энергетика жоғары мектебінің басты міндеті болып табылады.

Ақпараттық технологиялар және энергетика мектебі мынадай мамандықтар бойынша бакалаврлар даярлайды:

5B060100 – Математика;
5B070200 – Автоматтандыру және басқару;
5B070300 – Ақпараттық жүйелер;
5B070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету;
5B070500 – Математикалық және компьютерлік модельдеу;
5B071700 – Жылуэнергетика;
5B071800 – Электроэнергетика;
5B071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар.

Ақпараттық технологиялар және энергетика мектебі мынадай мамандықтар бойынша магистрлер даярлайды:

6M060100 – Математика;
6M070200 – Автоматтандыру және басқару;
6M070300 – Ақпараттық жүйелер;
6M070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету;
6M070500 – Математикалық және компьютерлік модельдеу;
6M071800 – Электроэнергетика.

Жоғары мектепте заманауи жабдықтар орнатылған кафедраның зертханаларында түрлі бағыттар бойынша студенттерге тек дәрістер өтумен ғана шектелмейді. Жоғары мектеп шеңберінде «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағы бар білікті оқытушылар, өртүрлі сайыс лауреаттары мен сыйлық жеңімпаздары жұмыс атқарады.

Жоғары мектеп бағыттарының бірі ғылыми жұмыс болып табылады. Ақпараттық технологиялар, математика, автоматтандыру және телекоммуникация саласында, электр энергиясы мен жылуэнергиясы салаларында профильдерге сөйкес ғылыми-зерттеулер жүргізіледі.

Ғылыми-зерттеу нәтижелері конференция жинақтарында, рейтингті журналдарда жарияланымдар түрінде ұсынылады.

Жоғары мектеп ғалымдары ҚР БҒМ қаржыландыратын ғылыми-зерттеу жобалары бойынша жұмыс атқарып келеді.

Жоғары мектеп студенттері ғылыми жұмыспен айналысады. Олар студенттік ғылыми үйірмелерге, студенттік және технологиялық орталықтардың іс-шараларына үнемі қатысып отырады. Студенттік ғылыми жұмыстар студенттік конференцияға арнайы дайын-

далған еңбектерде жарық көреді. Республикалық және халықаралық студенттік конкурстарға қатысады.

Ақпараттық технологиялар және энергетика жоғары мектеп студенттері бір-бірімен шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігі бар. Мысалы, біздің студенттер Германия, АҚШ, Польша, Чехия, Малайзия, Түркия және Солтүстік Кипрдің жетекші университеттерінде білім алды.

Жоғары мектеп еліміздің өндірістік кәсіпорындарымен және ұйымдарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Студенттер мен магистранттар өндірістік және диплом алдындағы тәжірибені қаланың және облыстың жетекші кәсіпорындарында өткізеді.

Жоғары мектеп көптеген шетелдік университеттермен өзара байланыста жұмыс жүргізеді. Біздің университетте жыл сайын өткізілетін халықаралық конференцияларға жетекші шетелдік университеттерден маман ғалымдар қатысып отырады. Жоғары мектеп жақын және алыс шетелдік ЖОО-мен бірлесіп ғылыми-зерттеулер жүргізеді. Жыл сайын студенттер мен магистранттарға белгілі шетелдік ЖОО-лардан лекция оқу үшін ғалымдар шақырылады.

Қазіргі уақытта жоғары мектеп еліміздің Оңтүстік өңіріндегі өндіріс орындары мен ақпараттық технологиялар бағытында білікті ғылыми кадрларды даярлау, автоматтандыру және энергетика салалары орталығы болып табылады.

Университеттегі «Автоматтандыру және басқару», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», «Электроэнергетика» бакалавриаттары мен магистратура мамандықтары Германияның ASIIN агенттігінен халықаралық аккредиттеу рәсімінен өтті. Агенттіктің сарапшылары білім беру процесін, әдістемелік және материалдық қамтамасыз ету деңгейін, жоғары мектептің кадрлар сапасын жоғары бағалады. Түлектер аккредиттеу нәтижесінде «Еуроинженер» және «Еуроинформатик» белгісіне ие болды.

Ақпараттық технологиялар және энергетика жоғары мектебі Оңтүстік өңіріндегі биылғы мектеп түлектерін және дарынды жастарды оқу орнының студенттер қатарын толықтыруға және заманауи мамандықтың иесі болуға шақырады. Университеттен алынған сапалы білім Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және ғылыми өлеуетін нығайтуға және іске асыруға мүмкіндік береді.

Ғали БЕСБАЕВ,
Ақпараттық технологиялар және энергетика
жоғары мектебінің деканы.